

"Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыруға арналған келісім-шарт туралы Ережені" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының 1997 жылғы 9 сәуірдегі N 8 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 409. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

4) "Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыруға арналған келісім-шарт туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 9 сәуірдегі N 8 қаулысы (1997 жылғы 20 қазан N 409)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңының 4-тарауына сәйкес Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыруға арналған келісім-шарт туралы Ереже" бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің

төрағасы

Қазақстан

Республикасының

Инвестициялар

жөніндегі

мемлекеттік

комитетінің

1997 жылғы

9 сәуірдегі

№ 8

қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының экономикасының басым
секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыруға
арналған-келісім-шарт туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Келісім-шарт - Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Комитет) мен инвестициялық қызметті жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлғалардың арасында жасалған - шарт.

2. Комитет - Қазақстан Республикасының Инвестицияларға уәкілетті жалғыз мемлекеттік орган, оған келіссөздер жүргізу, келісім-шартқа қол қоюдың, тіркеудің талаптары мен тәртібін айқындау құқығы берілген.

3. Инвестор - инвестициялық қызметті жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлғалар. Егер Инвестор ретінде келісім-шартта заңды тұлға құқығы жоқ консорциум (заңды тұлғалардың бірлестігі) болса, онда консорциумға кіретін заңды тұлғалардың ортақ құқықтар болады және жасалған келісім-шарт бойынша ортақ міндеттерде болады. Консорциум өзіне кіретін заңды тұлғалардың сенім-хатының негізінде іс-қимыл жасайды.

4. Комитет бекіткен негізгі келісім-шарт Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде тараптардың өзара құқықтар мен міндеттерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңдық шеңберлерін айқындайды.

Негізгі келісім-шарт бірдейлендірілген бөлік (әрбір ретте өзгеріссіз күйде қалатын жалпы жағдайлар) мен келісілетін бөліктен (тараптардың атауы, келісім-шартты жасаудың мерзімі мен орны, берілген жеңілдіктер мен преференциялардың талаптары мен түрлері және тараптардың келісуін талап

ететін

т.б.)

тұрады.

5. Осы Ережеде пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңындағы терминдермен және анықтамалармен және деректермен сәйкес келеді.

2. Келісім-шарттарды жасаудың тәртібі

6. Осы Ереже келісім-шартты жасаудың мынадай тәртібін белгілейді:

а) Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметке мүдделі Инвестор Комитет бекіткен тәртіп пен нысанда өзіне ынталандыру шараларын қолдану туралы негіздемелеп инвестициялық өтінім береді.

Өтінімді қабылдау туралы оң шешілген кезде тараптар келісім-шартты әзірлеу мақсатында келіссөздерге кіріседі;

б) Комитет - келісім-шарттың талаптары бойынша келіссөздер жүргізеді, келісімге қол жеткізілмегені үшін жауаптылықта болмайды. Келіссөздерді адал жүргізбеген немесе үзген Инвестор келісім-шартты ұйымдастыру және жүргізу бойынша Комитетке келтірілген шығындар үшін жауапты болып табылады.

в) Комитет Инвестормен бірлесіп келісім-шартты 60 күннен аспайтын мерзімде әзірлейді. Комитет ерекше жағдайларда келісім-шартты әзірлеу мерзімін ұзартуға құқылы, бірақ бұл 60 күннен аспайды.

Комитет келісім-шартты әзірлеу кезінде инвестициялық жобаның "Келісім-шартқа сараптама жүргізудің тәртібі туралы" бекітілген нұсқаулыққа сәйкестігіне сараптама жүргізеді. Комитет жеңілдіктер мен преференцияларды келісім-шартқа Инвестордың қол қоюы арқылы сараптама қорытындысының негізінде береді.

Комитет келісім-шарттың жобасын әзірлеу кезінде Негізгі келісім-шарттың ережелерін, келісім-шарт туралы ережені және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Инвестор негізгі шартқа қосымша талаптар немесе өзгерістер енгізуге ұсыныс жасаған кезде Комитет енгізілген ұсыныстарға сараптама жүргізуге құқылы. Сараптама қорытындысының негізінде Комитет келісім-шарттың ұсынылған талаптарымен өзінің келісетіндігі немесе келіспейтіндігі (бас тартатындығы) туралы Инвесторға жазбаша хабарлама береді. Келісім-шарттың ұсынылған жобасының жекелеген талаптарымен, келіспеген, не одан толық бас тартқан жағдайда, Комитет дәл сол мерзім ішінде өзінің талаптарын, оларды Инвестор ұсынған келісім-шарттың жобасына келіспеушіліктерді келісу хаттамасымен ресімдеп ұсынуға міндетті.

г) Тікелей келіссөздер процесінде әзірленген жеке тараптармен келісілген келісім-шарттың жобасына оған қол қойылғанға дейін Комитеттің Дирекцияларында міндетті тәртіпте визалар қойылады және қажет болғанда

орталық және жергілікті атқарушы органдармен бекітілген кестеге сәйкестігі келісіледі. Барлық келісуші және рұқсат етуге құжаттарды, лицензияларды, визаларды және басқа құжаттарды алған соң келісім-шарттың жобасының ең ақырғы нұсқасы Комитеттің Дирекциялар Кеңесінің қарауына ұсынылады.

Дирекциялар Кеңесі теріс шешкен жағдайда келісім-шарт тиісті қарармен тиянақтауға және талаптарын өзгертуге N 4 Дирекцияға жіберіледі немесе N 1 Дирекция Инвесторға келісім-шартты жасаудан бас тартудың себептерін көрсетіп жазбаша мәлімдеме әзірлейді.

д) Келісім-шартқа Комитеттің басшысы мен Инвестордың уәкілетті өкілі қол қояды.

ж) Қол қойылған келісім-шарт Комитетке Комитет белгілеген тәртіпте және жағдайда 15 (он бес) күннің ішінде тіркеледі.

е) Комитет пен Инвестордың арасындағы келісім-шартты тіркеудің куәландырушы фактісі Инвесторға берілген түрлі жеңілдіктер мен преференциялар және олардың қолдану мерзімі көрсетілетін белгіленген нысандағы куәлікті беру болып табылады. Тіркеу туралы куәлік преференциялар болып табылады. Куәлікті ресімдеудің рәсімі және оның нысаны Комитет бекіткен "Инвесторлармен келісім-шартты тіркеудің тәртібі туралы" нұсқаулықпен айқындалады.

7. Комитеттің инвестициялық өтінім мен келісім-шарт ұйымдастыру және сараптама жүргізу жөніндегі шығындарын өтеу "Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің сараптама ұйымдастыру және оны жүргізу жөніндегі шығындарын өтеудің тәртібі туралы" нұсқаулыққа сәйкес Инвестордың есебінен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарына келісім-шарттың бастапқы ережелерін одан әрі сақталуын мүмкін етпейтін немесе оның экономикалық ережелерін елеулі өзгертуге апаратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда келісім-шартқа өзгерістер немесе түзетулер енгізудің тәртібі

8. Келісім-шарттың тұрақтылық кепілдігі Қазақстан Республикасының заңдарына келісім-шарттың бастапқы ережелерін одан әрі сақталуын мүмкін етпейтін немесе оның экономикалық ережелерін елеулі өзгертуге апаратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда тараптардың экономикалық мүдделерін қалыпқа келтіру үшін келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібімен бекітіледі.

9. Шетел Инвесторына Қазақстан Республикасының заңдары өзгерген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары өзгерген кезде кепілдіктер беретін "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-

б а б ы н ы ң

к ү ш і

қ о л д а н ы л а д ы .

10. Қазақстан Республикасының заңдарына келісім-шартқа қол қойылған күннен кейін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда олар келісім-шарттың бастапқы ережелерін одан әрі сақтауды мүмкін етпеуге алып барса немесе оның экономикалық ережелерінің елеулі өзгеруіне алып келсе, мүдделі тарап басқа тарапқа келісім-шартқа өзгерістер немесе түзетулер енгізу туралы жазбаша түрде ұсыныспен өтініш жасайды.

жазбаша нысан деп өзіндегі ақпараттың жазбасын сақтайтын және танылатын түрде шығарылуға қабілетті хабарламаның кез келген түрі танылады.

Келісім-шарттың экономикалық ережелері, егер тараптар келісім-шарт мүлде жасалмайтындығы немесе елеулі түрде ерекшеленетін жағдайда жасалуын алдын ала орынды түрде көре білетіндей тұрғыда өзгерсе, елеулі өзгеріс деп танылады.

Комитет пен бекітілген инвестор келісім-шартқа өзгерістерді немесе түзетулерді екіжақты келісім бойынша енгізіледі. Келісім-шартқа өзгерістер немесе түзетулер енгізілуі тәртібі келісім-шартты жасаудың тәртібіне ұқсас. Келісім-шарт өзгерген кезде тараптардың міндеттемелері өзгерген түрінде қ о л д а н ы л у ы ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

11. Тараптардың келісім-шартқа енгізген өзгерістері (толықтырулары) келісім-шарттың өзгерген (толықтырған) мәтіні Комитеттің Әкімшілік тіркеу және бақылау дирекциясында тіркелген сәттен бастап, тараптардың келісімі бойынша бұдан кешірек мерзімдер белгіленбеген болса, заңды күшіне ие болады.

Инвестициялық қызметті жүзеге асыруға арналған келісім-шартқа өзгерістерді (толықтыруларды) тіркеудің тәртібі келісім-шартты тіркеудің т ә р т і б і н е ұ қ с а с .

12. Егер тараптар келісім-шарттың ережелеріне елеулі түрде өзгерген жағдаяттарға сәйкестікке келтіру туралы келісімге келмесе, келісім-шарт бұзылады. Келісім-шарт бұзылған кезде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

4. Келісім-шартты бұзудың ережелері

13. Келісім-шарттың бұзылуы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында келісім-шарттың ережелерінде өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімі бойынша мүмкін. Келісім-шартты бұзудың тәртібі келісім-шартты жасаудың р ә с і м і н е ұ қ с а с .

14. Комитет сондай-ақ келісім-шартты мынадай жағдайларда біржақты т ә р т і п п е н б ұ з а а л а д ы :

а) бекітілген инвестордың комитетке тапсырған кез келген мәліметтерінде елеулі фактілерді бұрмалау немесе жасырылғандығын анықталса.

Елеулі фактілердің бұрмаланғандығын немесе жасырылғандығын анықтау

кезінде назарға, атап айтқанда, мыналар алынуы тиіс:

- бекітілген инвестордың Комитет пен Қазақстан Республикасы үшін олар келісім-шартты жасау кезінде есептеуге құқылы нәрседен едәуір дәрежеде айырылатын залалға алып баратын фактілерді бұрмалауы немесе жасырылуы елеулі түрде деп танылады;

- бұрмалау немесе жасыру әдейі немесе дөрекі ұқыпсыздықтан жасалған ба.

Комитет келісім-шартты, егер ол білдіру тілін немесе іс-қимыл түрін қоса алғанда, Инвестордың жалған өтінішінің нәтижесінде немесе Инвестор адал іскерлік практиканың орынды коммерциялық стандарттарына сәйкес хабарлауы тиіс фактілерді жасыру нәтижесінде жасалған болса, келісім-шартты бұза алады.

б) Бекітілген инвестор өзінің міндеттемелерін атқармаса немесе келісім-шартта ескертілген ережелерді сақтамаса, бұл ретте мыналар ескеріледі:

- осы жолсыздықтар сондай-ақ елеулі сипатта болуы және Комитеттің келісім-шарт бойынша құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келуіне елеулі ықпал етуі тиіс;

- егер міндеттемелерді атқару мерзімі басталғанға дейін Инвесторға анық болса, бұл келісім-шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің елеулі түрде орындалмауы орын алса, Комитет келісім-шартты бұзуға құқылы.

в) Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу.

Қазақстан Республикасы заңдарын бұзылу ұғымын айқындау кезінде мыналар назарға алынуы тиіс:

- инвестордың Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуы инвестициялық жоба мен жасалған келісім-шарт бойынша өзіне алған міндеттемені жүзеге асыруға байланысты болуы және келісім-шарттың ережелеріне едәуір әсер етуі тиіс;

- заңдарды бұзу әдейі немесе дөрекі ұқыпсыздықтан жасалған ба?

15. Келісім-шартты бұзу кезінде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады, бірақ 14-тармақтағы аталған негіздер бойынша бекітілген инвестор мынадай жауаптылықта болады:

а) келісім-шартты бұзу кезінде соған сәйкес берілген салықтық жеңілдіктер (табыс салығы жер салығы және мүлік салығы бойынша жеңілдіктер мен кеден жеңілдігі) жабдықтың, шикізат пен материалдардың импортына кеден бажын салудан толық немесе ішінара босату) аталған жеңілдіктер тиісті Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкциялары қолданылып және келісім-шарттың ережелеріне сәйкес Инвестордың (салық төлеушінің) қызметінің бүкіл кезеңі үшін бюджетке есептеліп, енгізілуге жатады.

б) келісім-шартты бұзу кезінде соған сәйкес берілген мемлекеттік заттық гранттарды Инвестор қайтарады. Егер қайтару заттық түрінде және бастапқы

өзгерілмеген түрінде мүмкін болмаса немесе бұлай қабылданымды болмаса, келісім-шартта көрсетілген объектінің құнын ескере отырып және Қазақстан Республикасының заңдарында немесе осы келісім-шартта көзделген тиісті айыппұл шараларын қолдана отырып, бұл орынды деп табылса, ақшалай нысанда тиісті өтеу жүргізілуі тиіс.

16. Келісім-шартты бір жақты бұзу кезінде, Комитет бұл жөнінде, бекітілген инвесторды жазбаша түрде ескертуге міндетті, бірақ бұл уақыт егер келісім-шартта бұдан гөрі кеш мерзімдер көзделмесе, бір айдан аспауы тиіс.

17. Келісім-шартты бұзу және тоқтату дауларды реттеу туралы келісім-шарттың қандай да болмасын ережелерін немесе келісім-шарттың кез келген ережелерін қозғамайды, олар ол тоқтатылғаннан кейін де қолданыла беруі тиіс.

5. Дауларды шешу тәртібі

18. Комитет пен Инвестордың арасындағы келісім-шартты жасау, атқару, бұзу, келісім-шарттың атқарылуын бақылау, ынталандыру шараларын қолдану мәселелеріне байланысты даулар, келісім-шартқа тікелей байланысты өзге даулар мүмкіндігінше келіссөздер жүргізу жолымен, оның ішінде сарапшыларды тартып не келісім-шартта белгіленген рәсімдерді қоса алғанда, дауларды шешудің бұрын келісілген рәсімдеріне сәйкес шешіледі.

Тараптардың жоғарыда айтылған негіздер бойынша арасында туындаған дауларды шешудің тәртібі егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында немесе келісім-шарттың ережелерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

19. Қазақстандық инвесторлармен дауларды шешу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралады.

20. Шетел инвесторларымен дауларды шешу, егер келісім-шарттың ережелерінде немесе инвестормен өзге келісімде өзгеше көзделмесе, "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

21. Егер келісім-шарттың ережелерінде немесе Инвестормен өзге келісімде тікелей өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының құқығы қабылданымды құқық деп танылады.

6. Тіркелген келісім-шарттарға бақылау жасауды ұйымдастырудың тәртібі

22. Комитеттің Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясы бекітілген инвесторлардың жасалған келісім-шарт бойынша өздеріне алған міндеттемелерін

атқаруын бақылауды қоса алғанда, инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін бақылау жасауды "Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін бақылау жасауды жүзеге асырудың тәртібі туралы" нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК